

Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 55/01 "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 32/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 маусымда № 4281 болып тіркелді. Күші жойылды – Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 20 тамыздағы № 49/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қарағанды облысының әкімдігінің 20.08.2019 № 49/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 55/01 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3454 нөмірмен тіркелген, 2015 жылғы 5 қарашадағы № 157-158 (21908-21909) "Индустриальная Караганда" және 2015 жылғы 5 қарашадағы № 181-182 (22066) "Орталық Қазақстан" газеттерінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 30 қазанында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 7) тармақшасы алынып тасталсын.

2. "Қарағанды облысының өнеркәсіп және индустриялық – инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Қошанов

